

2019 жылдың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысында қарастырылған,
мемлекеттік сатып алу бойынша Арқалық қаласында жүзеге асырылатын
әлеуметтік жобалар байқауындағы сатып алу қызметінің
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Лот нөмірі

Лот атауы: «Жайдарлы жаз» аула клубының жобасын жүзеге асыру

Конкурстың бөлігін құрайтын құжаттар өтінімі және сапалық техникалық сипаттамалары, көрсетілетін қызмет түрлері әлеуметтік жоба ретінде ұсынылуы тиіс және төмендегідей ақпаратты қамтиды:

1. Жоғарыдағы сатып алушының тағайындаған ұсынылған әлеуметтік жобаның мақсаттары мен лот тақырыбы негіздеуге сәйкес келуі.

Ұсынылып отырған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жобасының шеңберінде аймақта мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру көзделіп отыр. Соның ішінде жаз мезгілінде аула клубтарының жұмысын күшейту. Арқалық қаласы мектеп оқушыларының азаматтық жауапкершілігі мен патриоттық сезімдерін, оқушылардың демалыс мезгіліндегі уақыттарын тиімді әрі қызықты ұйымдастыру, аула клубтарының жұмысын күшейтуге және түрлі аула алаңдарында өткізілетін іс-шаралар ұйымдастыруға бағытталған.

Аталған жоба мектеп оқушылары арасында жаз мезгілінде бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға бағытталған жан-жақты іс-шаралар ұйымдастыруға бағытталған. Жоба аясында білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді жоспарының барлық бағыттары бойынша оқушылардың спорттық, танымдық, зияткерлік т.б. қабілеттерін арттыру мақсатында байқаулар өткізу көзделген. Барлық іс-шаралар бойынша оқушыларды ынталандыру мақсатында бағалы сыйлықтармен марапаттау да жобаның негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.

Жоба «Жаз-2019» бағдарламасы аясында «Жайдарлы жаз» аула клубы әлеуметтік жобасы аула алаңдарында оқушылардың бос уақыттарын тиімді өткізуге бағытталған. Жоба барысында футбол алаңқайларында жолдастық кездесулер, ұлттық ойындар, қолөнер бағытында іс-шаралар ұйымдастырып жеңіске жеткен командалар мен жеке ойыншыларды марапаттап, сыйлықтар табыстау қажет.

Ата-аналар мен оқушылар арасында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылу қажет. Қоғамда аталған жобаның маңыздығы мен жүргізілу барысы, қорытындысы жөнінде насихаттау болып табылады.

Жоба барысында атқарылу қажет жұмыстар жобаның техникалық спецификасында толығырақ ұсынылып отыр.

Жобаға тікелей қатысушылар саны - 3000 оқушы және жалпы бейнефильм көру, жобаның бейне - күнделігі жаңалықтарын, ақпараттық атласын назарға алғанда – 6 000 оқушыны қамтуы тиіс.

Қаржылық шығыстар жоба аясында үшін рұқсат етілген шығындарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

2. Ұсынылған әлеуметтік жоба ұйымның миссиясының сәйкестігін негіздеу. (*жарлық мақсаттары*). ҮЕҰ жарғысында, онда басты назар қалада бос уақыттарын тиімді пайдалануға бағытталған азаматтық белсенділігін дамыту, азаматтық патриоттық тәрбие беру, оқушылардың жазғы демалыс мезгілін тиімді ұйымдастыру мақсаттары анық жазылуы тиіс.

3. Тапсырыс берушінің салалық мамандануына байланысты сәйкестігін негіздеу бойынша ұйым миссиясы. Ұсынылып отырған жоба тапсырыс берушінің салалық мамандануына сәйкес келуі тиіс, жұмыс жүргізуде мектеп оқушыларының азаматтық белсенділігін арттыру бойынша, оларға патриотизм сезімін және азаматтық жауапкершіліктерін арттыру бойынша жұмыс жүргізу.

4. Жобаны іске асыру орны: аула алаңдары мен аула клубтары

5. Жобаның орындалу мерзімі: 2019 жылғы мамыр-тамыз

6. Жоба шеңберінде көрсетілетін әлеуетті қызмет алушылардың жалпы саны:

- тікелей қамту (барлық іс-шаралардың тікелей қатысушылары) **3000;**

- жарнама қамту (жоба туралы ақпарат тарату арқылы және т.б) **6000 адам.**

7. Тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасы бойынша қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша нақты іс-шаралар жоспары (*іс-шаралар атауы мен нысаны, мақсатты топ, өткізілу мерзімі, елді мекені өткізілу орнын көрсете отырып, халықтың қамтылуы*);

8. Жобаны іске асыру жоспарына сәйкес шығыстар сметасы

«Жайдарлы жаз» жобасын жүзеге асыру үшін 2019 жылға **480 000** теңгені (төрт жүз сексен мың *теңге*) көзделген.

9. Жобаның нәтижелерін тиімділігін бағалаудың критерийлері .

- Іс-шаралардың сапалы өтуі;

- Оқушылардың қамтылу шынайылығы;

- аула клубтарында іс-шаралардың сапалы ұйымдастырылуы;

- жобаның медиа-жоспарын әзірлеу және жүзеге асыру БАҚ-да жариялау;

- жобаны іске асыру барысында білікті мамандар тарту.

10. Бюджеттен тыс көздерден қосымша қаражат тарту қабілеті туралы ақпарат: қосымша қаражат жоспарланған жоқ.

11. Жобаны іске асыру үшін жоғары білікті мамандарды тарту. Жобаға жұмыс тәжірибесі бар мамандар, спорттық іс-шаралар өткізуге кәсіби мамандар, шығармашылық білім беру ұйымдарының мамандары қатысуы тиіс.